

RESMI

**САЙЛАУ
УЧАСКЕЛЕРІН
ҚҰРУ ТУРАЛЫ**

2-бет

**ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ
МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ**

**ТІРКЕЛГЕН
САЛЫҚТЫҢ БІРЫҢҒАЙ
МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІН
БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ**

3-бет

TIRSHILIK

**ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР
НАЗАРЫНА!**

7-бет

МАРАПАТ

**ЖҮЙРІКТЕН ЖҮЙРІК
ОЗҒАН КҮН**

8-бет

ЖЕЗҚАЗҒАН – 65

«ЖЕЗҚАЗҒАН — ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИНЖУ-МАРЖАНЫ»

Ғұлама ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың аузынан шыққан осы бір теңеу қаламыздың бас ұранына айналғалы қашан. «Қарсақбай — Үлкен Жезқазғанға апаратын сара жолдың алғашқы баспалдағы ғана, ал Жезқазған – Ұлытау өңірі кешікпей-ақ Сарыарқа төсіндегі белді индустриялы өлкеге айналады» деген ғалым сөзі де ел есінде. Қазыналы Қарсақбайдан басталған бұл жол ғалымға әлемдік даңқ әкелсе, Арқа төсіндегі Үлкен Жезқазған кенті алып өндіріс орныққан, келешекке нық қадам басқан көрікті қалаға айналды.

Биыл академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 120 жыл, ал қанатын кеңге жаюы ғалым есімімен тікелей байланысты Жезқазғанның қала мәртебесін алғанына 65 жыл толады. Бұл мерейлі мереке жыл бойы аймақ баспасөзінің қарашаңырағы «Сарыарқа» газетінің беттерінде тарихи-танымдық мақалалармен айшықталатын болады.

Жезқазған – Қаныш арманының ақиқатқа айналғанының айғағы. Бүгінгі Жезқазған – жаңа заман талабына сай экономикасы тұрақты, дамуға негіз болатын табиғи да, адами да ресурстары жеткілікті, қарқынды дамудың кешенді жоспары айқындалған келешегі кемел қала. Бұл орайы келгенде айтыла салған жалаң лафос емес. Өңіріміздің өркендеуінің өзегі өндіріс әлеуетіне, басқа да әлеуметтік-демографиялық факторларға сүйеніп жасалған батыл болжам. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың үдемелі индустриялық даму, экономика нығайтуды артарапандыру жөніндегі бастамалары мысты қаланың болашағына деген сенімді күшейтіп, тың жобаларға жол ашты. Жақында ғана он жылға жуық тоқтап тұрған Жезқазған мыс зауытының екінші пеші іске қосылып, зауыт толық қуатында жұмыс істеуге көшті. Бұл бірінші кезекте жаңа кен орындарының игерілуі арқасында мүмкін болды. Жаңа кен орындарының ашылуы геологиялық зерттеу жұмыстарына байланысты екені айтпаса да түсінікті. Бұл жұмыстар бүгінде мемлекеттік деңгейде жолға қойылды. 2014-2017 жылдары геологиялық барлау жұмыстарына бюджеттен 4,4 млрд теңге бөлініп, игерілсе, 2018-2022 жылдарға тағы 6 млрд теңге қаражат қарастырылып отыр.

Осы ретте Жезқазған аймағының экономикалық дамуы мен өндірістік қуатының артуына үлкен үлес боларлық тағы бір жобаны тілге тиек ете кеткен жөн. Ол – Қарсақбай іргесіндегі Дүйсембай полиметалл кен көзі. Аталған кен көзін зерттеу мақсатында «Қазгеология» Ұлттық компаниясы мен «Қазақмыс» корпорациясы «Дюсембай ПРОЕКТ» ЖШС бірлескен кәсіпорнын құрды. Барлау жұмыстарына «Қазақмыстың» 1,5 млрд теңге инвестициясы салынып отыр. Бүгінгі таңда кен қоры

бар аумақ шамамен 321 шаршы шақырымды құрайтыны анықталды. Дүйсембай кені болашақта Жезқазған, Сәтбаев қалаларындағы фабрикалардың бірінде байытылмақ.

Биылғы жылдың Жезқазған үшін ерекше болатын тағы бір себебі Елбасының былтыр жарияланған «Бес әлеуметтік бастамасындағы» еліміздің солтүстік, орталық өңірлерін газдандыру жобасы жүзеге аса бастайды. «Қызылорда-Жезқазған-Қарағанды-Теміртау-Астана» бағыты бойынша салынатын магистральды газ құбырының бірінші кезеңі 2019 жылдың желтоқсан айына дейін аяқталады. Бұл кезеңнің болжамды құны 267 млрд теңгеден асады. Осыған дейін Қарағанды, Ақмола облыстары мен Астана қаласының әкімдіктері магистральды газ құбыры мен аймақтық желілер құрылысының мерзімін ескере отырып, инфрақұрылым құрылысы үшін жол картасын әзірледі. 1-кезеңде газ құбыры бойынша 171 елді-мекенге тартылады, 2,7 миллион адам газбен қамтамасыз етіледі. Бұған дейін жазғанымыздай, құрылыстың екінші кезеңі 2019-2020 жылдарға жоспарланып отыр.

Автоматтандырылған газ тарату стансалары (АГТС) Қарағанды облысының Жезқазған, Қарағанды, Теміртау қалаларында салынатын болады. Сонымен қатар, аудандарға арналған әлеуетті АГТС-ке қажетті 5 бұрмалар болады. Осының арқасында Қарағанды облысының 119 елді-мекені газбен қамтылады. Қарағанды облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының деректеріне сенсек, 2020 жылға дейін облыс аумағында салынатын үш тарату стансасынан орталық жылу жүйесіне қосылмаған кешелер мен ықшамаудандарға орамдық желілер тартылады. Мәселен, Қарағанды қаласының іргесінен салынатын АГТС-тен Қарағанды және Саран қалаларындағы барлығы 5,5 мыңнан астам үйге газ желісі тартылса, Теміртаудың тұсынан ашылатын стансадан ондағы 3 мың үйге газ жеткізілмек. Ал Жезқазғанда 2,5 мың үйге газ құбыры тартылады.

Алдын ала мәліметтер бой-



ЖЕЗҚАЗҒАН

ынша жобаны жүзеге асырудың бірінші кезеңінде облыста барлығы 65 мың тұрғын мен 1400-ден астам заңды тұлға көгілдір отынға қол жеткізеді екен. Бір жылда тұтынылатын газ көлемі 85 млн текше метрді құрайды.

Сондай-ақ, Жезқазған экономикасының бір өндіріске тәуелді болмай, жылдан-жылға өртарпаптандырылуы, жаңа жобалардың жүзеге аса бастауы қала болашағына деген сенімді одан сайын күшейтіп, бұрынғы күдікті жоя түседі. Осындай іпкімді жобалардың қатарында «Даму» қорының қолдауымен іске қосылған «Қазтехфильтр» ЖШС-да жаңа цехтың ашылуы айтуға болады. Іштен жанын қозғалтқыштардың ауа сүзгіштерінің 280-нен астам түрін шығаратын кәсіпорын өз өнімін «Қазақмыс» корпорациясы, «Арселор Миттал», «Богатерь көмір», «Восход Ориель» компанияларына, Екібастұз жылу электр стансасы мен Хромтау жол құрылысы мекемесі сынды ірі өндіріс ошақтарына ұсынып келеді.

2016 жылы жұмысын бастаған Жалтырбұлақ кен орнынан алтын кенін шаю кешені бүгінде өндіріс ауқымын ұлғайтып, ірі жобаларды қолға алған. Мұнда 2018 жылдың басынан бері құрамында алтынны бар 536 тонна кен өңделген. 2017 жылы кәсіпорын құрамында алтын бар смола өңдеу цехінің құрылысын бастады. Бүгінде жоба бойынша жұмыстар толық атқарылып, қондырғыны орнату жұмысы жүруде. Бұған 600 млн теңге инвестиция құйылып, жаңадан 22 жұмыс орны ашылып отыр.

Қаланың өндірістік әлеуетін арттыратын келесі ірі жоба – «Қазхимсинтез» ЖШС-ның Жезқазғанда салынып жатқан өнеркәсіптік реактен шығаратын химиялық зауыты. Құрылысы 2017-2020 жылдарға жоспарланған зауыттың жобалық құны 1,2 млрд теңгені

құрап отыр. «Бизнестің жол картасы» бағдарламасының шапағаты тиген жоба іске қосылғанда 150 жаңа жұмыс орны пайда болмақ.

Қала аумағында шағын және орта бизнестің дамуына жол ашатын сауда-саттық орындарының, ірілі-ұсақты зауыт-цехтардың жұмысы да жолға қойылуда. Өткен жылы сондай екі нысан іске қосылды. Бірі – аймақта төндесі жоқ, заманауи құрылғылармен жабдықталған «Ұлытау Нан» зауыты болса, екіншісі – Кеңір елді-мекенінде тұрғызылған «Ұлы дала» гипермаркеті. Бұл екі нысан да кәсіпкерлік саласында бәсекелестік орта қалыптастырып, азық-түлік бағасын тұрақтандыруға ықпал етері даусыз.

Академик Қаныш Сәтбаев қазығын қаққан қаланың бүгінгі келбеті осы. Келешекке деген жоспары – анық. Қанекен 1962 жылы өзі негізін қалаған Жезқазғанға көліп тұрып: «Уа, Жезқазған халқы! Ескі достар, қимастарым менің! Осы жердің астындағы мол қазынаға кейбіреулер мұрнын шүйіріп, барлауды тоқтатып тастайтын қиын күндер естеріңде ме? Не деп едім мен сонда? Өне, сол қала! Үлкен Жезқазған атанып, жер астындағы қазынасы жария болып, сөн-салтанатымен бой түзеп, көз алдарында жатыр. Кені—анау, қаласы—мынау! Ағайың, баршаңа өтінішім, ел байлығын көздің қарашығындай сақтап, қадірлеп ұстандар! Жезқазғанның қазынасы мол болғанмен, шексіз емес... Ақ ол құрметтей білсең, талай ұрпағыңды жарылқар мол дүние» деген екен. Содан бері жарты ғасырдан артық уақыт өтті. Қаныш армандаған қала сәні мен салтанаты жарасқан құтты мекенге айналды. Қолда барды бағалап, қадірлей білсек, жасампаздық жолынан жаңылмасaq, Жезқазғанның жайнайтын шағы әлі алда.

Дархан ҚАБЫЛДАШҰЛЫ

ҚҰРМЕТ

Қарағанды облысындағы Қазақстан халқы Ассамблеясының Жезқазған қалалық қоғамдық келісім кеңесі жанындағы «Құрмет» орденінің иегері, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, қоғам қайраткері Мұзафа Ахановпен кездесу кеші өткізілді. Мұзаға жақында, Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында «Қарағанды облысының Құрметті азаматы» мәртебелі атағына ие болғаны белгілі. Халықтар достығы мен мәдениеті үйіндегі тағлымды шара осы қуанышты оқиғаға орайластыра ұйымдастырылғандай әсерге бөледі.

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР



►► 2-бетте

БАС РЕДАКТОРДАН

ОЙЛЫ ОҚЫРМАНМЕН БІРГЕМІЗ

Ар ма, ағайын! Міне, тарихтың тағы бір жаңа беті ауысып, рухани серігіңіз «Сарыарқаның» 2019 жылғы алғашқы нөмірін қолыңызға алып отырсыз. Редакция мен оқырманның байланысы үзілмей, Сізбен 2019 жылы тағы қауышқанымызға бек қуаныштымыз!

Өткен 2018 жыл біз үшін берекелі жыл болды. Газетіміздің 45 жылдығы атап өтілді. Сонау 1973 жылғы сәуірде алғашқы нөмірді шығарған ардагер қаламгерлерден бастап, аймақ баспасөзінде еңбек етіп жүрген бүгінгі буын, сандаған жылдар бойы «Сарыарқаны» серік еткен оқырмандардың басын қосып, қал-қадірімізше мереке салтанатын жасадық. Бастысы ол емес, бастысы жиырма жылға жуық қаладағы бас газеттің «бас ауруына» айналған баспа мәселесі оңтайлы шешілді. Оқырманға да, редакция қызметкерлеріне де қолайлы ауданнан, еңселі ғимараттан кеңсе бұйырды. Бұл үшін газеттің ахуалын түсініп, қажетті қолдау жасаған қала басшылығына тағы бір мәрте алғыс айтамыз.

Шығармашылық тұрғыдан да 2018 жыл табысты болды. Газет мерейтойы аясында «Сарыарқа» – 45» айдарымен отыздың үстінде естелік мақалалар, сұхбаттар жарияланып, газеттің әр жылдардағы тарихы жаңғыртылды, ардагер журналистердің есімдері ұлықталды. Жыл ортасында ол материалдар «Ақпарат айдынында: «Сарыарқа» («Жезқазған туы») газетіне 45 жыл» атты жинақ болып шықты. Газет тарихы, мемлекеттік-ақпараттық саясат тақырыптарынан бөлек, тарихи-танымдық, әдеби-мәдени тақырыптарды барынша қамтыдық. Жаңа айдарлар мен арнаулы беттер қостық. Бұқар жырау бабамыздың 350 жылдығы аясында жырау мұрасын насихаттау мақсатында өткенді материалдар газетімізде тұрақты түрде жарияланып, тарихшы, әдебиетші ғалымдардың еңбектеріне басымдық берілді.

Газеттің бағасын беруші – оқырман! Бұл қағида және бәсекелестікке негізделген бүгінгі нарық талаптарына да сай келеді. Ғаламтор мен әлеуметтік желілер адам өміріне дендеп еніп, дәстүрлі ақпарат құралдары ерекше қиын жағдайда жұмыс істеуге мәжбүр болып отырған уақытта оқырман мен көрермен сұранысын қанағаттандырып, олардың оң бағасын алудың маңызы одан сайын арта түседі. Сөз басында айтылғандай, 2019 жылдың басында қатары сиремеген қара орман оқырманмен қайта қауышып, қуанып отырмыз. Осы күнге дейінгі газетке жазылу науқанының мәліметтеріне сүйенсек, қазірдің өзінде оқырмандарымыздың саны екі мың адамнан асып жығылып отыр. Жергілікті басылмаларға жазылу науқаны жыл бойы жүретінін ескере отырып, ойлы оқырман қатары әлі де артады деген үміттеміз. Ол үшін өз тарапымыздан тынбай еңбектенетін боламыз.

Газетті қолға ала сала бай-қағандарыңыздай, бұл нөмір өзгеріссіз емес. Ең басты өзгеріс – газет форматы. New York Times бастаған әлемдік газеттер жолымен осыған дейін еліміздің бас басылмалары «Egemen Qazaqstan» мен «Kazakhstanskaya pravda» осы еуроүлгідегі D2 форматына көшкен болатын. Биыл «Нұр медиа» холдингіне кіретін «Айқын», «Литер» республикалық қоғамдық-саяси газеттері де осы форматқа ауысып отыр. Біз де алдыңғы қатарлы басылмалардан бөлектенбей, «Сары-арқаны» еуроформатта шығару туралы шешім қабылдадық. Бұл біріншіден, газет беттерінің көлемін ұлғайтса, екіншіден, безендіруде жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Жаңа күнтізбелік жыл басында оқырманға арнамақ сөзіміз – осы! 2019 жыл есімі қала тарихымен қатар аталатын академик Қаныш Сәтбаевтың 120 жылдығы, Үлкен Жезқазғанға қала мәртебесі берілгенінің 65 жылдығы сияқты айшықты даталармен өрнектелмек. Қаладағы қарашаңырақ басылым ретінде бұл бағытта да бірқатар жоспарларымыз бар. Олармен алдағы нөмірлерде таныс боласыздар. «Сарыарқаны» рухани серік еткен Сіздерге тағы бір мәрте басымдызды иіп, алғыс білдіреміз!

Дархан МҰХАН

МАГИСТРАЛЬДІ ГАЗ ҚҰБЫРЫ ЖАЙЛЫ ТҰРМЫСТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ



Үйіңізге газ кіргені – жаз кіргенімен бірдей дүние. Қазіргі өркениеттің бесігі саналатын Еуропа елдері өздерінде газ болмаса да неге газ тұтынуға әуес? Себебі көгілдір отынның рақатын басқалардан бұрын аңғарып, тұрмысқа енгізіп үлгерген. Бұл рақаттан бас тарту оңай емес. Сондықтан газ мәселесі – еуропалық елдердің стратегиялық мәселелерінің бірі. ►► 2-бетте



ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ШЕШІМІ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ

2019 жылғы «9» қаңтар

№01

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 23-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33, 37-баптарын басшылыққа алып, Жезқазған қаласының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Жезқазған қаласында сайлау учаскелері құрылсын.
2. Жезқазған қаласы әкімінің 2016 жылғы 26 желтоқсанындағы №1 «Сайлау учаскелерін құру туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4124 болып тіркелген, 2017 жылғы 10 ақпанындағы №6(8019) «Сарыарқа» газетінде, Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің электрондық түрде аталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 13 ақпанда жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жезқазған қаласы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жезқазған қаласының әкімі К.БЕГМОВ

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІ

№209 сайлау учаскесі

Орталығы: «Серке Қожажұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театры» коммуналдық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны, Сәтбаев көшесі, 1-үй.

Шекаралары: Строительный тұйық көшесі, № 4, 6, 14, 15 үйлері; Әміралин көшесі, № 13, 15, 15а, 16, 17, 18, 18а, 19, 20, 22, 23, 24, 25, 26, 26а, 30, 32 үйлері; Аманжолов көшесі № 2, 8 үйлері; Құрманбаев көшесі № 3, 5, 10, 11, 15 үйлері; Омаров көшесі № 6, 8, 9а, 11, 12, 14, 17, 19, 21, 25а үйлері;

Пирогов көшесі № 13, 15, 17, 18, 19, 21, 21Б, 22, 23, 25 үйлері; Пушкин көшесі № 3, 5, 6, 8, 9, 16 үйлері; Раскова көшесі № 3, 4, 5, 6, 7, 9 үйлері; Сәтбаев көшесі № 7, 9, 11, 14, 16, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 26, 28а, 28б, 30, 32 үйлері; Холмещий көшесі № 48, 50, 52 үйлері; Тұтыну кооперативі «Здравица»; Тұтыну кооперативі «Автомобилист».

№210 сайлау учаскесі

Орталығы: «Жезқазған қаласы білім бөлімі №26 гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Абай көшесі, 30-үй.

Шекаралары: Құрманов тұйық көшесі № 2, 4, 5, 7, 10, 12, 14, 16, 18, 20, 26, 28 үйлері; Бейбітшілік даңғылы № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 11, 12, 14, 16, 18 үйлері; Әміралин көшесі № 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 үйлері;

Абай көшесі № 2, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 24, 26, 28, 29, 31, 33, 35, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 48, 52, 54, 56, 58, 60, 62 үйлері; Айбасов көшесі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 9, 11, 13, 15 үйлері;

Асылбеков көшесі № 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 үйлері; Әубәкіров көшесі № 4, 6, 8, 14, 16 үйлері; Гагарин көшесі № 7, 9, 11, 13 үйлері; Гурбы көшесі № 2, 2а, 3, 4, 4а, 5, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 17, 19, 21, 23, 25, 46 үйлері; Желтоқсан көшесі № 6, 8, 9, 9а, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 21, 23 үйлері;

Құрманбаев көшесі № 12 үйі; Литке көшесі № 3, 6, 9 үйлері; Омаров көшесі № 16, 18, 20, 24, 26, 28, 30, 32 үйлері; Пирогов көшесі № 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 үйлері; Пушкин көшесі № 4 үйі; Ранов көшесі № 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 үйлері; Рыскулов көшесі № 3, 4, 5, 6, 8, 9, 10, 12, 14, 20, 22, 24 үйлері;

Сәтбаев көшесі № 2, 4 үйлері; Тимирязев көшесі № 1, 2, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 13а, 16 үйлері; Фурманов көшесі № 1, 2, 3, 4, 6, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32 үйлері;

Холмещий көшесі № 1, 2, 3, 3а, 5, 6, 7, 8, 10, 12, 16, 20, 26, 28, 30, 32, 34, 36, 38, 40, 42, 44, 46 үйлері; Чехов көшесі № 7, 11 үйлері; Штифанов көшесі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 15, 17, 18, 19, 21 үйлері.

№211 сайлау учаскесі

Орталығы: «Қазқмыс корпорациясы» жауапкершілігі шектүлі серіктестігі, бас жобалау институты, Гагарин көшесі, 6-үй.

Шекаралары: Ғарышкерлер бульвары № 1, 7, 11, 13, 15а, 17, 19, 21, 21а, 23, 25а үйлері; Бейбітшілік даңғылы № 17, 19, 20, 24 үйлері;

Асылбеков көшесі № 14, 16, 18, 20, 22, 24, 26, 28, 30 үйлері; Әубәкіров көшесі № 3, 11, 13, 15 үйлері; Гагарин көшесі № 2, 10, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 23, 24, 26, 28, 30 үйлері;

Либихевт тұйық көшесі № 1, 2, 2а, 3, 4, 5, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 20, 22, 23, 25, 27, 28, 30, 32 үйлері; Ранов көшесі № 15, 17, 19 үйлері; Смайлов көшесі № 4, 6, 8, 14, 16 үйлері.

№212 сайлау учаскесі

Орталығы: «Жезқазған қаласы білім бөлімінің №22 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Сейфуллин көшесі, 40 үй.

Шекаралары: Ғарышкерлер бульвары № 27, 29, 33, 55 үйлері; Космодемьянская тұйық көшесі № 3, 6, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15 үйлері; Абай көшесі № 646, 66, 68, 70, 72, 74, 76, 78, 80, 82, 84 үйлері;

Асылбеков көшесі № 13, 15, 17, 19, 21, 23, 25, 27, 29, 31, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 43, 45, 46, 47, 48, 49, 51, 53, 55 үйлері; Гагарин көшесі № 25, 27, 29, 31, 32, 33, 36, 37, 39 үйлері;

Құрманғазы көшесі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 19, 20, 21, 22, 23, 24 үйлері; Сейфуллин көшесі № 26, 30, 33, 36, 37, 39, 45 үйлері; Смайлов көшесі 5, 7, 9, 11 үйлері; Шевченко көшесі № 24, 32 үйлері.

№213 сайлау учаскесі

Орталығы: «Жезқазған қаласы білім бөлімінің №24 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Аманжолов көшесі, 18-үй.

Шекаралары: Абай көшесі № 49, 49а, 49б, 51, 53, 55, 57, 59 үйлері; Аманжолов көшесі № 1, 3, 5, 9, 11, 13, 13а, 15 үйлері;

Байқоңыров көшесі № 18а, 23, 25, 27, 29 үйлері; Жанасов көшесі № 1, 1/1, 1/6, 1/8, 1а, 1б, 1г, 2, 2а, 4, 4а, 4б, 6, 8, 10, 12, 14, 16 үйлері; Молдағұлова көшесі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 үйлері;

Некрасов көшесі № 2, 4, 6, 12 үйлері; Пушкин көшесі № 15, 17, 17а, 17б, 19, 21, 23, 24, 25, 26, 27, 32 үйлері; Сәтбаев көшесі № 27, 29, 31, 31а, 33, 34, 35, 36, 37, 39, 40, 41, 42, 43 үйлері; Сейфуллин көшесі № 2, 4, 6, 8, 10, 16, 18, 20, 21, 22, 23, 27 үйлері;

Холмещий көшесі № 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70, 72 үйлері; Шевченко көшесі № 16а, 16б үйлері.

№214 сайлау учаскесі

Орталығы: «Жезқазған заң колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Пушкин көшесі, 35-үй.

Шекаралары: Абай көшесі № 61, 63, 67, 69 үйлері; Аманжолов көшесі № 32, 34, 36, 38, 38а үйлері; Байқоңыров көшесі № 20, 22, 24, 26, 28, 30, 32, 34, 36, 38, 42, 42/2, 44, 46, 46/1, 46/2, 48, 49, 50 үйлері;

Пушкин көшесі № 33, 35, 36, 39, 40, 41, 43, 45, 47, 49, 51 үйлері; Сейфуллин көшесі № 3, 5, 7, 13, 15, 17 үйлері; Шевченко көшесі № 1, 3, 5, 6, 7, 7а, 9, 11, 12, 13, 15, 16б, 16в, 17, 19, 21, 23, 25, 27, 29, 31, 32, 33, 35, 39, 39/1, 39/2 үйлері.

№215 сайлау учаскесі

Орталығы: «Жезқазған қаласы білім бөлімінің Қабден Шыңғысов атындағы №5 орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Жанаев көшесі, 15-үй.

►► 6-бетте

ҚҰРМЕТ

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

(Соңы. Басы 1-бетте)



Кеш барысында қазыналы қарт өмір жолдарынан сыр шертіп, өнегелі әңгіме өрбітті. Жастарға ой салатын жайларға тоқталды. С.Қожажұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театрының әртістері әзірлеген сахналық қойылымға Мұзағаңның балалық шағынан азамат болып қалыптасуына дейінгі кезеңдері арқау болды. Ол қазақ халқы үшін ойраны көп болған отызыншы жылдардың перзенті. Ата-бабасы Ұлытауда өсіп-өнген бұлар ел басына күн туған ашаршылық нәубетінде бір топ ауылдастарымен үдере шұбырып Тәжікстанға қарай өтіпті. Мұзараф 1934 жылы сол өңірдегі Қорғантөбе деген жерде туған. Әкесі Ахан, анасы Сәліман ұрпағын аман сақтаймын деп басын тауға да, тасқа да ұрады. Қос мұңлық тоғыз баласын жер қойнына тапсырғанда көңілге жұбаныш болып, өрең аман қалған жалғыз тұяқ осы Мұзараф. Сәл кейінірек елге бет түзеуді ниет еткен ата-анасы тәжік жерінен Түркістан маңына оралады. Әкесі Ащысай полиметалл комбинатына кен тасымалдаушы болып жұмысқа орналасады. Аянбай еңбек етіп, өндірістің озаты атанады. Алайда, аяқтан шалушылардың көрсетіндісімен жазықсыз жалаға күйеді. Ахан Баймаханов бастаған оншақты адам «шетелдік тыңшымен байланыста болып, Ащысай кенішінде диверсиялық жұмыстар жүргізген» деген жаламен 1936 жылдың 14 желтоқсанында тұтқындалады. Сегіз айдай үздіксіз тергеу мен қинауды бастан өткерген Ахан Орта Азия әскери округі трибуналының үкімімен 1937 жылдың тамыз айында ату жазасына кесіледі. Анасы Сәліман қайратты адам екен. Осы жағдайдан соң тез ес жиып, 5 жасқа толар-толмас Мұзарафты арқалап, жаяулап-жалпылап туып-ескен өңірі Ұлытауға жетеді. Оң құрсақтан қалған жалғызын жеткізу үшін Жезқазған шахталарында тоқ беруші болып жұмыс істейді. Жазықсыз жазаға тартылған Ахан Баймаханұлы 1960 жылы толық ақталады. Қилы заман Мұзағаңды осылайша қатайтып өсірген еді.



Алдына өршіл мақсат қойып, анасының ақ тілеуін ақтау үшін білімді, адал азамат болып өсуге талпынған Мұзараф орта мектепті өте жақсы оқып бітірді. Қазақтың аймандай перзенті, Жезқазған кенін зерттеудің негізін салушы Қаныш Сәтбаевтың өнегелі жолы қызықтыратын оны. Арман кұған жас Қазақ кен-металлургия институтына оқуға түсіп, инженер-геолог мамандығын алып шықты. Студенттік шағын ару қала Алматыда өткізген Мұзараф аға өмірлік жары Шабал Бейсенбекқызымен де сол кезеңде танысқан еді. Қасиетті Ұлытау өңірінен білім іздеп келген Шабал апай ҚазПИ-де оқып жүргенде екі жас кездесіп табысқан болатын. Содан бері де 62 жылдай уақыт өтіп, бүгінде береке-бірлігі шалқыған бақытты шаңыраққа айналды. Өнегелі отбасы 9 баланы тәрбиелеп өсіріп, бүгінде олардың әрқайсысы Тәуелсіз еліміздің өркен жаюына елеулі үлестерін қосып жүрген белгілі де беделді жандардың қатарында саналады.

Мұзараф Аханұлы өңірдің геология саласында жемісті еңбек етіп, одан әрі партия мен кеңес органдарында қызмет істегені белгілі.


Қазіргі Сәтбаев, бұрынғы Никольский қалалық партия комитетінде екінші хатшы, атқару комитетінің төрағасы болып жүрген кезінде кеншілер шарының дамытуға айтарлықтай еңбек сіңірді. «Ұстаздардың ұстазы» атанған Шабал Бейсенбекқызы болса, 55 жыл бойы жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде өзіндік тәжірибесімен танылған жан. Оның ішінде 21 жыл мектеп директоры болып жоғары көрсеткіштерге жеткен болатын. Ұлттық тәрбиенің шамшырағын жаққан педагог КСРО және Қазақ КСР білім беру ісінің үздігі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы атанды. Кешті жүргізушімен арада сырласу тұрғысында өрбіген тағлымды шарада бүгінде ел ағасы мен ел анасы болып құрметке бөленген

Мұзағаң мен Шабал апай бақытты да ғибратты ғұмыр кешудің кілті жайлы келелі әңгіме өрбітті. Отбасының береке-бірлігі, бала тәрбиесі жайлы да толғамды ойларын ортаға салды. «Адамға абырой мен ар қымбат» деп санайтын Мұзараф ақсақал ел мүддесіне қатысты пікірлерін де ірікпеген қалған жоқ. Кейінгі уақытта облыс басшылығы тарапынан Жезқазған-Ұлытау өңіріне оң қабақ танытылып, жақсы көңіл бөлініп отырғанына өз ризашылықтарын білдірді.

Кеш иелерін қалалық мәслихат хатшысы Советбек Медебаев пен қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова құттықтады, сый-сияпаттарын жасады. Әсерлі кеште әуезді өн де шырқалды. Тағлымды шараны ұйымдастыруға дем беруші облыстағы ҚХА төрағасының орынбасары, облыстық мәслихаттың депутаты Бекзат Алтынбеков те ізгі тілегін білдірді. Өнеге өрісін көңейтіп отырған ерлі-зайыпты қос тулғанын иықтарына шапан жауып, құрмет көрсетті.

Амандық РАХҰЛЫ
Суреттерді түсірген:
Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА

(Соңы. Басы 1-бетте)



Еліміз газға кенде емес. Ресми мәліметке сүйенсек, газ қоры бойынша Қазақстан әлемде 22-орынға, ал ТМД елдерінің ішінде 3-орынға ие. Тәуелсіздік жылдарында еліміздегі газ өндіру көлемі жылына 8 млрд текше метрден 52 млрд текше метрге дейін, яғни 6,5 есе артты. Осыған орай ел Үкіметі 2014 жылы Қазақстанды газдандырудың 2015-2030 жылдарға арналған негізгі тізбесін бекітті. Газды ішкі нарықта тұтыну 1,5 есеге (1991 жылы 9 млрд текше метрден, 2017 жылы 13,8 млрд текше метрге дейін) өсті. Энергетика министрлігінің мәліметі бойынша, бүгінгі таңда ел тұрғындарының шамамен 50 пайызға жуығы газбен қамтамасыз етілген. Әрине, бұл көрсеткішті 80-90 пайызға дейін, тіпті 100 пайызға дейін де жеткізуге болады. Алайда, 20 шақты Еуропа елі сыйып кете алатын алып аумақта газ инфрақұрылымдарын тарту мәселесі қинайды. Ал оның өзіндік құны арзан емес. Дегенмен, бұл мәселе де шешімін табады. Мәселен, осы уақытқа дейін Бейнеу – Бозой – Шымкент газ құбыры салынды. Ауқым бойынша бірегей саналатын бұл жоба Елбасының тікелей тапсырмасымен және Қытай Халық Республикасы төрағасымен уағдаластығы негізінде салынғаны белгілі. Оның іске қосылуы еліміздің мұнай мен газға бай батыс өңірінен халқы мол оңтүстік өңіріне отандық газды жеткізуді қамтамасыз етті.

Еліміздің оңтүстігін импортқа тәуелділіктен құтқарып, халықты осы отын түрімен молынан қамту мүмкіндігін берді. Екіншіден, Қытайға көгілдір отынды экспорттауға жол ашты.

Тағы бір жүзеге асқан үлкен жоба – «Түркіменстан – Өзбекстан – Қазақстан – Қытай» халықаралық газ құбыры. Қазіргі кезде осы құбыр арқылы Орталық Азияның газы Қытайға экспортталуда. Қазақстан газының Қытай рыногына жеткізілуі 2017 жылғы қазан айында басталды.

– Энергия ресурстарының өңірлік транзитіндегі Қазақстанның рөлі артып келеді. Ағымдағы жылы «Қазақстан–Қытай» газ құбырының екі компрессорлық стансасы пайдалануға берілді. Нәтижесінде, аталған трансұлттық газ құбырының өткізу қабілеті 5 млрд текше метрге артып, жылына 55 млрд текше метрге жетті. Бүгінге дейін осы бағытқа шамамен 6,1 млрд текше метр газ экспортталды. Келесі жылдан бастап қазақстандық газдың экспортын жылына 10 млрд текше метрге дейін ұлғайту туралы келісімшартқа қол қойылды, – дейді Энергетика вице-министрі Мағзұм Мырзағалиев.

Енді елімізде маңызы осыдан кем емес үшінші ауқымды жоба қолға алынды. Бұл –



МАГИСТРАЛЬДІ ГАЗ ҚҰБЫРЫ ЖАЙЛЫ ТҰРМЫСТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

«Сарыарқа» газ құбырын салу жобасы. Ұзындығы 1081 шақырымды құрайтын «Қызылорда – Жезқазған – Қарағанды – Астана» бағыты бойынша магистральді газ құбырын салу – жобаның бірінші кезеңі. Екінші кезеңде магистральді газ құбыры Астанадан Көкшетауға дейін, ал үшінші кезеңде әрі қарай Петропавлға дейін жеткізілімек. Төртінші кезеңде «Жезқазған» және «Теміртау» компрес-сорлық стансаларының құрылысы қарастырылған.

«Сарыарқа» магистральдық газ құбыры трассасының бойындағы 171 елді мекен, оның ішінде Астана қаласының аумағы мен Қарағанды облысында – 119 елді-мекен, Ақмола облысында – 51 елді-мекен табиғи газбен кезең-кезеңмен қамтамасыз етіледі.

– Елімізде 17 өңірдің 11-і табиғи газбен қамтылған. Қазіргі кезде «Қызылорда – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Астана» бағыты бойынша «Сарыарқа» магистральдық газ құбыры құрылысын іске асыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Магистральдық газ құбыры трассасының бойында инфрақұрылым және табиғи газды пайдаланатын жаңа өндірістер қалыптасады. Құрылыс кезеңінде 1 690 жұмыс орны, ал пайдалану

кезеңінде шамамен 200 жұмыс орны пайда болады, – деді бұл мәселе жайында М.Мырзағалиев. Вице-министр атап өткендей, бүгінгі таңда елімізде газдандыру деңгейі 47,38 пайызды немесе 8,5 млн тұрғынды қамтып отыр. Ағымдағы жылы мемлекет тарапынан газдандыруға 18,4 млрд теңге, ұлттық оператор «Қазтрансгаз» АҚ тарапынан 1,5 млрд теңге бөлінді. 2018 жылдың қорытындысы бойынша көгілдір отынға қол жеткізген тұрғындар саны 129 мыңға артады деп күтілуде.

«Сарыарқа» магистральдық газ құбыры трассасының бойындағы өңір-лерде, яғни, Жезқазған, Қарағанды, Теміртау, Астана қалаларында көмірден газға көшу арқылы экологиялық жағдай жақсарады. Алдын ала бағалауға сәйкес, 2030 жылға қарай атмосфераға ластанушы заттар шығарындыларының деңгейі жылына 60-70 мың тоннаға төмендеме.

Жобаның жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленіп, сараптамалық оң қорытынды алынған болатын. Ал жобаны іске асыру мақсатында «АстанаГаз» ҚМГ» акционерлік қоғамы жоба компаниясы ретінде белгіленді.

Энергетика вице-министрінің айтуынша,

Қызылордадан Астана бағытында газ құбырларын тарту ісі бастау алған кезде Жезқазған, Қарағанды, Теміртау, Астана қалаларында жеткізілетін газды тұтынушыларға тарату желілерін салу ісі де қатар қолға алынбақ. Бұл Арқадағы қалың елді газбен қамту ісін жеделдетеді. Дегенмен, жұмыс ауқымды болғандықтан бұл Астана қаласының өзінде алдағы бес жылды қамтымақ. Астанаға салынатын орталық магистраль арқылы келіп түскен газ бірінші кезекте жылу энергия орталықтары мен жылу қазандықтары секілді ірі тұтынушы кәсіпорындарға беріледі. Мұның өзі қаланың экологиялық проблемасын сөйлеп жәрдемдеседі. Келесі кезекте әуелі Көктал көніне, содан кейін қаланың оңтүстік-шығыс ауданының халқына беріледі деп жоспарлануы отыр.

«Әлі тұмаған сиырдың уызын сөз қылғандай» жеке секторда тұратын Астана халқын толғандырып жүрген үлкен мәселе – әлі келіп үлгермеген газдың бағасына қатысты. Баға тұтынушы халықтың қолай

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

2018 жылғы 24 желтоқсаны № 30/275

ТІРКЕЛГЕН САЛЫҚТЫҢ БІРЫҢҒАЙ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңына сәйкес Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы С. СУРНИН
Қалалық мәслихат хатшысы С. МЕДЕБАЕВ

Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы №30/275 шешіміне қосымша

ТІРКЕЛГЕН САЛЫҚТЫҢ БІРЫҢҒАЙ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ

P/c №	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерінің мөлшері (айлық есептік көрсеткішпен)
1	2	3
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	2
2.	Біреуден көп ойыншының қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	2
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	3
4.	Ойын жолы	12
5.	Карт	4
6.	Бильярд үстелі	10
7.	Астана және Алматы қалаларын және арнайы аймақты қоспағанда, уәкілетті ұйымның елді-мекенде орналасқан айырбастау пункті	15

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының қаласының Әділет департаменті *Нормативтік құқықтық акті 25.12.2018 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркудің тізіміне № 5088 болып енгізілді*

Результаты согласования Аппарат акима Карагандинской области - Главной специалист - Юрист Айнагул Байтөлеова Даулетмелина, 20.12.2018 17:28:34, положительный результат проверки ЗЦП Аппарат акима Карагандинской области - Секретарь Жезказганского городского маслихата Солепбек Турсынбаев Медебаев, 20.12.2018 17:28:45, положительный результат проверки ЗЦПУ «Аппарат Жезказганского городского Маслихата» - Депутат Сергей Александрович Сурицин, 20.12.2018 17:30:54, положительный результат проверки ЗЦП Департамент юстиции Карагандинской области - Руководитель Департамента Асхат Нургазиевич Жусупов, 24.12.2018 15:06:13, положительный результат проверки ЗЦП

2018 жылғы 24 желтоқсаны № 30/274

2019-2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ БЮДЖЕТІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. 2019-2021 жылдарға арналған қалалық бюджет 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бөкітілсін

- 1) кірістер – 14008751 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер – 7824255 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 39077 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 43509 мың теңге; трансферттердің түсімдері – 6101910 мың теңге;
- 2) шығындар – 14008751 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 2714188 мың теңге, оның ішінде:

- бюджеттік кредиттер – 2765981 мың теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 51793 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша салық – 0 мың теңге,

- оның ішінде: қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге; мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – алу 2714188 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 2714188 мың теңге, оның ішінде: қарыздар түсімі – 2765981 мың теңге; қарыздарды өтеу – 51793 мың теңге; бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0 мың теңге.

2. 2019 жылға арналған қала бюджеті түсімдерінің құрамында облыстық бюджеттен 1064041 мың теңге сомасындағы субвенциялар көзделгені ескерілсін.

3. 2019 жылға арналған қалалық бюджетте Кеңір ауылдық округінің бюджетіне қалалық бюджеттен берілетін субвенцияларының мөлшері 46567 мың теңге сомасында қарастырылсын.

4. 2019 жылға арналған қалалық бюджеттің түсімдерінің құрамында облыстық және республикалық бюджеттерден 5037869 мың теңге сомасындағы ағымдағы нысаналы трансферттер мен даму трансферттері қарастырылғаны ескерілсін.

5. 2019 жылға арналған қалалық бюджеттің шығыстары құрамында ағымдағы нысаналы трансферттер мен нысаналы даму трансферттері, кредиттер 4 қосымшаға сәйкес ескерілсін.

6. 2019 жылға арналған қалалық бюджеттің шығыстары құрамында ауылдық елді-мекендердің әлеуметтік сала мамандарын қолдау шараларын іске асыруға республикалық бюджеттен 7575 мың теңге бюджеттік кредиттер қарастырылғаны ескерілсін.

7. 2019 жылға арналған қалалық бюджеттің шығыстары құрамында 5 қосымшаға сәйкес Тайпап және Малшыбай ауылдық өкімдер аппаратының шығындары ескерілсін.

8. 2019 жылға арналған қалалық бюджеттің шығыстары құрамында 6 қосымшаға сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер қарастырылғаны ескерілсін.

9. 2019 жылға арналған қалалық бюджетті орындау барысында секвестрленуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 7 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

10. Қалалық бюджетті атқару үрдісінде өңбексіз төлеу шығыстары секвестрленуге жатпайды деп белгіленсін.

11. 2019-2021 жылдарға қалалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласының азаматтық қызметшілеріне, қызметші осы турлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

12. Жезқазған қаласы атқарушы органының 2019 жылға арналған резерві 49585 мың теңге сомасында бекітілсін.

13. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа өнеді.

Сессия төрағасы С. СУРНИН
Қалалық мәслихаттың хатшысы С.МЕДЕБАЕВ

Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы XXX сессиясының №30/274 шешіміне 1 қосымша

2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТ

Са-на-ты	Сы-ны-бы	Ішкі сыны-бы	Атауы	Сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	14008751
1			Салықтық түсімдер	7824255
	01		Табыс салығы	3680623
		2	Жеке табыс салығы	3680623
		03	Әлеуметтік салық	2875612
		1	Әлеуметтік салық	2875612
	04		Меңшікке салынатын салықтар	930998
		1	Мүлікке салынатын салықтар	632511
		3	Жер салығы	28088
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	269445
		5	Бірыңғай жер салығы	954
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	301064
		2	Ақциздер	9367
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	205070
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	73814
		5	Ойын бизнесіне салық	12813
	08		Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілетті бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	35958
		1	Мемлекеттік баж	35958
2			Салықтық емес түсімдер	39077
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	20547
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	20547
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	18530
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	18530
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	43509
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2500
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2500
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	41009
		1	Жерді сату	25900
		2	Материалдық емес активтерді сату	15109
4			Трансферттердің түсімдері	6101910
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	6101910
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	6101910

Функ-ционал-дылық топ	Функ-ция	Виды қызметі	Бөлімдері	Атауы	Сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5	6
				II. Шығындар	14008751
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	628284
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	408034
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	40081
		001		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	33836
		003		Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6245
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	305429
		001		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	304489
		003		Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	940
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	62524
		001		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	62524
	2			Қаржылық қызмет	4300
